


БАЛА МЕН БАЛАБАКША

Республикалық педагогикалық журнал

№9, 2021

Республиканский педагогический журнал

РЕБЕНОК В ДЕТСКОМ САДУ



«Достығымыз жарасқан»

Тлекбайқызы Самал, «Ай – Жұлдыз» балабақшасын тәрбиешісі
Атырау қаласы



Максаты: 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға айтып ұғындыру. Балаларды татулыққа, достыққа, елін, жерін сүйе білуге үйрету. Басқа ұлт өкілдерімен таныстырып олармен тату, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әсем безендірілген зал, мерекелік шарлар, ұлттық киім-

дер мен жалаушалар.

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, құрметті ұстаздар!

*Тілі бөлек болғанменен тілегі бір,
Ұлы достық мәпелеген жүрегі гүл.
Қазақстан барлық ұлтқа шаңырақ,
Шайқалмастан шаттығымыз тіреп тұр.*

Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмағай. Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достығымыз мәңгілік болғай-дей отыра ортамызға

Қазақ халқының өкілдерін қошеметпен шақырайық.

-Бейбітшілік жасасын, ынтымақтастық жасасын! -Ура-ура-ура!

Келесі кезекте Япон халқының өкілдерін қошеметпен ортаға шақырайық.

Қазақстан халықтарының бірлігі жасасын! -Ура-ура-ура!

Ендігі кезекте Испан ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.

-Ынтымағы жарасқан Қазақ елі жасасын! -Ура-ура-ура!

Ендігі кезекті ұлттар достығы жайлы ертеңгілігімізді ашып беру үшін қазақ халқының мерекеке арналған жыр шумақтарын тамашалаңыздар.

Елнұр: Достық-шырағымыз,

Достық-ұранымыз.

Достық туымыз,

Достық әніміз.

Ернар: Ортақ жұтар ауамыз,

Ортақ жарық күніміз.

Достық туған анамыз,

Жердің қызы, ұлымыз.

Абдурахим: Достықты үлгі санаған,

Бір үйде біз тұрамыз.

Қалған ата-бабадан,

Бірлік асыл мұрамыз.

Қ.Санжар: Біз балдырған тең басқан,

Дос құшағын кеңге ашқан.

Хор: «Дос болайық бәріміз!»

Би: «Қазақ ұлтының биі»

Жүргізуші: Сонымен балалар біз «Достық үйінен» келген қазақ ұлтының өнерін тамашаладық. Енді қазақ ұлтының ұлттық ойынының бірі «Теңге алу» ойынын ойнап берейік.

Ойын: «Теңге алу»

Жүргізуші: Ендігі кезекті япон халқының мерекеке арналған жыр шумақтарын тамашалаңыздар.

Белла: Кең-байтақ жеріміз,

Татулық тұрағы.

Бауырмал еліміз,

Ынтымақ ұраны.

Жаңғыртып даланы,

Шырқап ән салады.

Халықтар достығы –

Бірліктің қамалы.

Қызыққан шартарап,

Береке – тірлігі.

Құрған сән-салтанат,

Жарасқан бірлігі.

Жасмина: *Плюс успехов и везения,*

Будьте счастливы всегда.

Целей всех Вам исполнения,

Любви, достатка и добра.

Ясмина: *С Первомаем поздравляю!*

Пусть все ладятся дела.

И от всей души желаю

Здоровья, мира и тепла.

Жүргізуші: Жарайсындар балдар енді «Достар» туралы ән салып берейік.

Хор: «Достар»

Жүргізуші: Япон ұлтының биін тамашалаңыздар.

Би: Япон халқының биі

Енді япон ұлтының ұлттық ойынының бірі «Кім бірінші» ойынын ойнап берейік.

Ойын: «Кім бірінші»

Шарты: Балалар екі командаға бөлініп тұрады. Кезектесіп алдындағы зырылдауықпен жарысады. Кімдер бірінші аяқтаса, сол жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Ендігі кезекті испан халқының мерекеке арналған жыр шумақтарын тамашалаңыздар.

Ай-Ару: Мамырдың бірі, достық күні

Ән салып, билеген халықтың үні.

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке, мамырдың бірі.

Айгерім: Бейбітшілік ұраны,

Жарқыраған алтын күн.

Ән қанатты қыраны

Еркіндігі халқымының.

Мадина: Жасампаз жыр - әнім,

Өзіңсің гажжапстан.

Өсиет, ұраным,

Отаным – Қазақстан.

Азала: Сегодня чудный Первомай,

Весенний день труда!

Желаю радости, успеха,

И жизни долгие года.

Жүргізуші: Жарайсындар балдар «Бірлігіміз жарасқан-дай» әнін орындап берейік.

Хор: «Бірлігіміз жарасқандай»

Жүргізуші: Испан ұлтының биін тамашалаңыздар.

Би: «Испан ұлтының биі»

Ойын:

Жүргізуші: Ағайын, туған бар адам,

Адалдық үшін жаралған.

Бар қымбат туыстық,

Баянды болсын тыныштық!